

Э.Ж. Мансурова^{1,2*}, Б.Д. Керімбекова³, Г.Ж. Орда¹¹ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан;² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;³ SDU University, Қаскелең, Қазақстан(e-mail: elochka_02.05.95@mail.ru, bayan.kerimbekova@sdu.edu.kz, Orda_68@mail.ru)

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігі

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшеліктерінің мәселелері қарастырылған. Авторлар детектив жанрының қазақ әдебиетіне қалай енгенін, оның дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдерін зерделейді. Қазақ әдебиетіндегі детективті шығармалардың әлеуметтік және психологиялық аспектілеріне, сюжет құрылымына, кейіпкерлердің мінез-құлқының ерекше белгілері талданған. Сонымен қатар қазіргі қазақ жазушыларының детектив жанрын пайдалану тәсілдері, жанрдың ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа тақырыптар мен мәселелерді қозғау жолдарының қажеттілігі анықталып, негізделген. Жүргізілген зерттеу негізінде қазіргі қазақ детективтері қылмыс пен тергеу, әділет пен бұрмалаушылық сияқты күрделі әлеуметтік мәселелерді ашып көрсетумен қатар, оқырмандарға терең философиялық ойлар ұсынуды болжайды. Жанрдың дамуы мен кенеюі барысында кездесетін қиындықтар мен мүмкіндіктер туралы пікірлер ұсынылған. Тақырыпты зерттеу барысында, талқылауға алынған детективті повестер: А. Аймағамбет «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» (2021), Е. Паевская «Адьюторы» тәрізді республикалық детективті шығармалар байқауының жүлделі орындарға ие болған повестерді салыстыру, жүйелеу, жанрлық-типологиялық, тарихи-салыстырмалы, талдау әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестеріндегі жанрлық ерекшеліктерін талдау мақсатында жазушылардың шығармалары мысалға алынып, өзара салыстыра талданды. Қазақ повестеріндегі мистикалық сарын мен шытырман оқиғаға құрылған детективті шығармаларға жанрлық-типологиялық талдау жасалды. Қазіргі повестердегі детективті шығармаларды талдауда қазақ әдебиетіндегі детектив жанрынан алынған мысалдармен салыстырылды. Республикалық әдеби бәйгелерде топ жарған жоғарыда аталған повестерді Джордж Довтың кезеңге бөлген схемасы бойынша талданды. Келесі қорытындылар жасалды, қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестер жанрлық тұрғыдан ерекшеленіп, жаңа бағыттарға ие болып келеді. Мақалада жүргізілген жанрлық-типологиялық талдау мен тарихи-салыстырмалы зерттеу детектив жанрының қазақ әдебиетіне қалай енгенін, оның ерекшеліктерін және қазіргі кезеңдегі дамуын көрсетеді. Мистикалық элементтер мен шытырман оқиғалардың қосылуы детектив жанрына жаңа сипат беріп, оқырманды қызықтыратын жаңа формада көрініс табуға. Жазушылардың шығармаларында жанрдың классикалық ерекшеліктері мен ұлттық ерекшеліктердің үйлесімділігі байқалады. Бұл зерттеу қазақ әдебиетінде детектив жанрының болашақта одан әрі дамуына ықпал етіп, оны терең түсіну мен зерттеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: детектив жанры, қазақ әдебиеті, повесть, сюжет, кейіпкер, шытырман оқиғалар, тарихи-салыстырмалы талдау, жанрлық-типологиялық талдау.

Kipicne

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшеліктері жанрдың жалпы қағидаларына негізделе отырып, ұлттық мәдениет пен қоғамның тарихи-әлеуметтік жағдайларына бейімделген. Детектив жанры қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқанмен, қазіргі кезеңде бұл бағытта жазылған шығармалар қатары көбейіп, жанрлық ерекшеліктерін нақтылай түсуде [1; 13].

Детективті ғалымдар қазақ әдебиетінде кеш дамып жатқан жанр деп қарастырады, алайда қазіргі таңда бұл жанр қарқынды дамуда. Сонымен қатар, детективті шығармаларға оқырман тарапынан қызығушылық артып келе жатқандығы байқалады. Оған ҚР ПМ «СЕРТ» атты Республикалық детективті туындылар байқауын дәлел ретінде айтуға болады. Аталмыш байқау 2018 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Сонымен қатар, «ЗАН» Медиа-корпорациясы» ұйымдастыратын Кемел Тоқаев атындағы Республикалық детективті байқауы «Кемел Тоқаев» қайырымдылық қорының бастамасымен жазушы, қазақ детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: elochka_02.05.95@mail.ru

жылдығына арналған «Кемел қаламгер» атты Республикалық шығармашылық байқауын өткізуінің арқасында қазақ әдебиетінің қоржынына біршама детективті повестер мен әңгімелер, повесть-триптих, әдеби-құқықтық детектив, хикая-детектив, детектив романдармен толықты. Жаңа туындылар туралы біршама мақалалар мен ғылыми зерттеу еңбектер жарық көрді.

Детективтік жанрдың тарихына көз жүгіртсек, әлем әдебиетінде детективті жанр XIX ғасырдың ортасында қалыптасқан. Ең алғаш детективті жанрда қалам тербеген американдық жазушы Эдгар Аллан По деп білеміз. Оның «Морг көшесіндегі кісі өлтіру» (1841), «Мари Роджердің құпиясы» (1843) және «Ұрланған хат» (1844) шығармалары арқылы детективті жанр қалыптаса бастады деп есептеледі [2; 5]. Сонымен қатар әлем әдебиетінде аталмыш жанрдың қарқынды дамуына үлес қосқан Артур Конан Дойл, Чарльз Дикенс сынды жазушыларды атап өткен жөн. Одан кейінгі кезеңде Агата Кристи, Жорж Сименон, Борис Акунин, Ахмет Үміт тәрізді жазушылардың шығармалары шытырман оқиғаларға толы детектив жанрын дамытты. Артур Конан Дойлдың шығармашылығы ұзақ уақыт бойы дамып келе жатқан детективті жанрдың қалыптасуы мен эволюциясына айтарлықтай үлес қосқан жазушылар қатарында айтылады. Детективті жанрда жазылған шығармалар сонау ежелгі дәуірден бастау алып, ортағасырлық қорқынышты әңгімелерде, XVII ғасырлардағы Гайо де Питавалидың «Әйгілі процестер» жинағында, сондай-ақ XIX ғасырдың готикалық романдарында кездеседі. Дегенмен, бұл жанр өзінің әртүрлі вариацияларында ғана қолданылып келді. Оны XIX ғасырда әйгілі жазушылар қолдана бастағанда танымал бола бастады [3; 214].

Детектив әдебиетінің пайда болуына түрткі болған мәдени және тарихи факторларды түсіну — бұл құбылыстың ерекшеліктерін анықтау үшін тек әдеби қайнар көздер ғана емес, сонымен қатар құқықтық жүйедегі реформалар мен қылмыстарды кәсіби тергеу ісінің қалыптасуы да маңызды екенін көрсетеді. Әлеуметтік жағдайларды зерттеген зерттеуші Дж. Палмердің айтуынша, детектив әдебиетінің пайда болуы мен дамуына себеп болған негізгі алғышарттардың бірі — XIX ғасырдағы құқықбұзушылықтарға, әсіресе ұрлық пен тонауға деген көзқарастың елеулі өзгеруі. Бұған дейін қылмыстар екі санатқа бөлінегін: біріншісі — әлемдегі ішкі тәртіпке қарсы, екіншісі — азаматтық игілікке қарсы жасалатын қылмыстар. Алайда орта таптың өсуі оның әл-ауқатын қорғау қажеттілігін туындатты және экономикалық заңдарды табиғи құқықтармен тең дәрежеде қорғау керек деген идеяның таралуына ықпал етті [4; 24].

Детективті ерекше жанр ретінде теориялық тұрғыдан қарастырған ағылшын жазушысы Г.К. Чесерон болды. Ағылшын жазушысының 1902 жылы «Детективті әдебиетті қорғау» атты еңбегі жарыққа шықты. «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші жартысында детективті әдебиеттің әлеуметтік-эстетикалық феноменін зерттеу» көптеген авторлардың, соның ішінде орыс аудармашылары А. Грамски, Б. Брехт, С.М. Эйзенштейн және К. Чуковскийдің назарын аударды. Симонс (1972) детективтік әдебиетте жиі назардан тыс қалатын полиция қызметкерінің бейнесін зерттеді [5]. Сонымен қатар, детективті жанрдың тағы бір ерекшелігі — полиция детективі болып табылады. Полиция процедуралық детективтері, яғни полиция қызметкерлерінің тергеу процесін сипаттайтын детективтік шығармалар, жанрдың бір тармағы ретінде қарастырылады. Авторлар бұл субжанрдың негізгі ерекшеліктерін және оның детектив жанрына қосқан үлесін сипаттайды [6; 33].

Детективтік әдебиет — фактілерді логикалық талдау арқылы, қылмыстарды ашуға арналған көркем шығармалар қатарына жатқызатын әдебиет жанры. Онда оқиға, эпизод, деталь өте белсенді қызмет атқарады. Даудың басы әділетсіздікпен бетпе бет келуден негіз алып, соны қылмысты ашу арқылы аяқталады. Детективтік әдебиеттің гүлденуі капиталистік қоғамда орын алған қарама-қайшылықтардың айтарлықтай күшеюімен, сондай-ақ әлеуметтік әділетсіздікті айыптаған жаппай оқырманның пайда болуымен тікелей байланысты [7; 310].

Сонымен, детективті әдебиетке тән ерекшелік жөнінде «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген анықтамасынан мысал келтірсек, «детективті әдебиет» дегеніміз (ағылш. Detective — әйгілеу, әшкерелеу) — шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма [8; 573]. Детективтік әдебиет сюжеті жұмбақ қылмыс салаларын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналады. Басты кейіпкер ретінде — із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар мен қылмыскер алынып, алуан түрлі оқиғалар арқылы екі жақтың ашық та астыртын қақтығыстарынан соң қылмыс әшкереленеді» деген анықтама берген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістері

Мақалада салыстыру, жүйелеумен бірге жанрлық-типологиялық, тарихи-салыстырмалы, талдау әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестеріндегі жанрлық ерекшеліктерін талдау мақсатында жазушылардың шығармалары мысалға алынып, өзара салыстыра талданды. Қазақ повестеріндегі мистикалық сарын мен шытырман оқиғаға құрылған детективті шығармаларға жанрлық-типологиялық талдау жасалды. Қазіргі повестердегі детективті шығармаларды талдауда қазақ әдебиетіндегі детектив жанрынан алынған мысалдармен салыстырылды.

Материалға сипаттама

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің маңызды бағыттарының бірі болып табылатын детектив жанрын зерттеуге арналған. Детективті повестердің ерекшеліктері, олардың құрылымы мен кейіпкерлері талданады. Нақты оқиғалар мен қылмыстық сюжеттік желіге негізделген бұл жанрдың қазақ әдебиетінде салыстырмалы түрде жаңадан пайда болғаны және қоғамда кеңінен танылып келе жатқаны айтылады.

Материалда детектив жанрының негізгі элементтері, атап айтқанда, құпиялық, шиеленіс, интрига, сонымен қатар кейіпкерлердің психологиялық портреттері кеңінен сипатталады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы қазақ детективтерінде әлеуметтік және моральдық мәселелердің көтерілуі, қоғамдағы әділетсіздік, қылмыс және сыбайлас жемқорлықтың бейнеленуі талданады. Ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті менталитеттің детектив жанрындағы ролі ерекше назарға алынады. Мақалада ұлттық мәдениет пен қазақи менталитеттің шығармаларда қалай көрініс табатыны көрсетіліп, қазақ оқырманына жақын әрі түсінікті тіл мен стилдік ерекшеліктері талқыланады.

Мәселен детективті шығарманың негізгі элементтеріне шиеленістің қолданылуы туралы Dejan D. Milutinović «Grammar of the detective genre» мақаласында Конан Дойлдың әңгімесінен бастап аталмыш элементтің осы күнге дейін шығармаларда қолданылып жүргендігі айтылған [9; 37]. Авторлар «алтын ғасыр» детективтерінің Дойлдың шығармаларынан шабыт алып, оларды одан әрі дамытқанын атап өтеді. Бұл кезеңдегі детективтік әдебиет оқырманды интеллектуалдық ойынға тартатын, көңілді әрі таза формадағы шығармаларымен ерекшеленеді [10; 356].

А. Тодоров оқырманның қызығушылығын арттыру үшін, детективке интрига, құпиялық сияқты элементтердің кездесетіндігін атап көрсетеді [11; 121]. Детективті шығармалардың аталған элементтермен қатар сюжеттік жағына да баса назар аудару қажеттілігі туындайды. Сондықтан, сюжеттің өрбуінен детективті жанрдың ерекшелігін зерделей аламыз. Мысалы, ғалымдар оны бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырған. Соның бірі, Чапек [12; 179] жарты ғасырдан кейін Джордж Дов 1990 жылдары детективтік шығармаларды, соның ішінде повестерді 7 кезеңге бөлді: 1) қылмыс туралы ескерту; 2) тергеудің басталуы; 3) дұрыс емес күдіктімен кездесу; 4) ақпарат жинау; 5) тұзақ орнату детектив теориясын дәлелдеу; 6) өлтірушіні ұстау 7) істі түсіндіру. Салыстырмалы түрде қазақ детективті шығармаларды 6 кезеңге бөліп қарастырып жүрміз. Мысалы: 1. Кіріспе (экспозиция); 2. Қылмыс немесе құпия оқиға; 3. Тергеудің басталуы; 4. Шиеленісі; 5. Шешімі; 6. Қорытынды (эпилог).

Әдебиеттің бұл саласына жататын шығармалар өткір сюжетті болып келеді. Яғни оқиғаның сырын ашу, шиеленіскен жұмбақ жағдайлардың шешіміне жету детективті әдебиет жанрларына тән көркемдік тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сөйтіп құпия оқиғаның бет пердесі айқындалып, сол арқылы оқырманды қызықтыра түседі [13; 177].

Жанрлық ерекшеліктеріндегі элементтерімен қатар, типологиясын зерттейтін болсақ, батыс зерттеушілері детектив жанрын өзіндік сипатына байланысты топтастырған. Мәселен, Т. Кестхейн «Анатомия детектива» еңбегінде детективті мынандай топтарға саралайды: — жұмбақ детектив және құпия (Конан Дойл); — тарихи детектив (Д. Карр); — әлеуметтік детектив (Д. Сейерс); — полиция туралы хикая (Эдгар Уоллес); — реалистік детектив (Э.С. Гарднер); — натуралистік детектив (С. Дениил Хэммет); — әдеби детектив (Жорж Сименон) [14; 262].

Түрлі өнер саласындағы жанр мен жанр теориясын зерттеп жүрген Баварши Анис пен Мэри Джо Рейфф тәрізді ғалымдар семиотикалық кодтар мен ішкі ақпаратты тасымалдай бастағанда жанр пайда болатындығын айтады [15; 29]. «Жанр экологиясы» еңбегінде Анис Баварши жанрлардың әлеуметтік тәжірибелерді, қарым-қатынастарды және сәйкестіктерді жаңғыртатын «риторикалық экожүйелер» екенін айтса, Вайсер Кристиан жанрды әлеуметтік контекстерді, тәжірибелерді және сәйкестіктерді

жасайтын риторикалық экожүйелерді қолдайтын әлеуметтік мотивтерді түсіндіру және енгізу деп пайдаланады [16; 70]. Эми Девитт жанрлар шынымен динамикалық және үнемі дамып отырса да, оларды өзгерту қиын екендігімен келіседі [17; 573-586]. Девиттің пікірінше, жанрлар қайталанатын жағдайларға жауап беріп қана қоймайды, сонымен қатар оларды құрастырады. «Жанрлар ... әрқашан тұрақтылық пен өзгерістер арасындағы тартыс алаңы болып табылады. Олар табиғи түрде динамикалық болып табылады, жеке пайдаланушылардың әлеуметтік-когнитивтік қажеттіліктеріне жауап ретінде уақыт өте келе біртіндеп өзгереді», [17; 573-586] – дейді Бұл зерттеулер детектив жанрының әлем әдебиетінен алатын орнын, оның зерттелу деңгейін көрсетеді.

«XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде поэзия, проза, драматургия жанрларына жазылған шолу тарауларда әр жанр өз ішінен бірнеше түрге топталып зерттелді. «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» атты ұжымдық еңбекте жекелеген жанрларға берілген шолу тараулармен бірге қазіргі қазақ прозасының дамуына ерекше үлес қосып жүрген Ш. Құмарова, Ш. Бейсенова, Б. Нұржекев, Р. Ниязбек, Т. Нұрмағамбетов, Н. Қапалбекұлы, С. Асылбекұлы, Д. Әшімхан, Қ. Жиенбай, Қ. Түменбай, Р. Отарбаев, Н. Ораз, Д. Рамазан сияқты бірсыпыра жазушыларға берілген шығармашылық портреттерде олардың өмірі мен шығармашылығы толықтай қамтылды [18]. Осы еңбектегі «Прозадағы көркемдік ізденістер» деген тарауда қазіргі әңгіме, повесть, романдарының даму бағыттары ғылыми тұрғыда бағамдалды. Аталған кешенді зерттеулерде тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы «Повесть, хикаяттар» тарауын Ш. Елеуқенов [19; 161-196], тәуелсіздіктің екінші онжылдығындағы «Қазіргі повестер» тарауын Н. Ақыш [20; 137-167], Қазақстан халықтарының әдебиетіндегі «Қазақстандық эностар повесі» тарауын Г. Орда зерттеген болатын. Аталған зерттеулерден қазіргі қазақ прозасындағы повестердің зерттелу деңгейін бағамдауға болады.

Талқылануы

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестер жанрлық ерекшеліктерімен танымал әрі әдебиеттің маңызды бағыттарының біріне айналып келеді. Детектив жанры қазақ әдебиетінде салыстырмалы түрде жаңа болғанымен, оның айрықша сипаттары бар. Бұл жанр оқырманды қызықтырып, ерекше интрига арқылы тартып отырады. Детективті повестердің жанрлық ерекшеліктері: оқиғаның драматизмі мен шиеленісі; құпиялық пен интрига; кейіпкерлердің психологиялық тереңдігі; әлеуметтік және моральдық мәселелер; жергілікті мәдениет пен салт-дәстүрді ескеру; тілдік стиль мен бейнелілік; қазіргі заман технологияларының көрінісінен байқалады.

Тақырыпты зерттеу барысында, талқылауға алынған детективті повестер: А. Аймағамбет «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» (2021), Е. Паевская «Адьюторы» тәрізді республикалық детективті шығармалар байқауының жүлделі орындарға ие болған повестері талданды.

Бірнеше прозалық шығармасы республикалық әдеби бәйгелерде топ жарған жас жазушы Абай Аймағамбеттің «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» повесі Джордж Довтың кезеңге бөлген схемасы бойынша талданды:

1-кезең: Қылмыс туралы ескерту кезеңінде — шығармада «*Боз тұман қаланы бүркеп тұрған тыныш түн. Көпқабатты үйдің тасасында тізілген автокөліктердің артынан бұқпантайлар өткен орта бойлы ер адам соңғы көліктің жанына келіп, тізесін бүгін аз отырды...*» [21; 7]. Берілген детективті шығармада автор қылмыс туралы ескерту яғни бірінші кезеңі осындай тыныштықпен басталады. Бірден бірінші кезеңнен, қылмысқа ұласады. Екінші кезеңі бойынша қылмыс немесе құпия оқиғасының бірден басталуы оқырманды елең еткізіп, оқиғаны бірден бастап кетеді. Джордж Довтың бөлген кезеңдерінің бірінші кезеңінен бірден аттап, қылмыс туралы ескертуден гөрі, шығарма қылмыс пен құпия оқиғасымен басталған. Қылмысты жасауда бірінші құрбаны — әйел адам. Аяусыз жас әйелдің тамағынан пышақпен орып түсті. Жұмысын аяқтай сала, әйелдің сөмкесінен бағалы заттары мен сырғасын, жақұт тастарын алды да, көшеге шығып қалтасынан «*төсқалтасынан аузы буулы, сары түсті кішкене қалташаны алып шықты. Әлгінде тапқан олжаларды сол қалтасына мұқият салды*» [21; 9]. Қылмыскердің өзіне ғана белгілі болған бұл сары қалтасында не бар екендігі, неге бұл қалташасына құрбандарының заттарын салатыны құпия болып қалмақ... Бұл қызық кәсіп жасаушы еді... Жазушылық... иә, автор негізгі кейіпкерді жазушы етіп алып, оның жазған әр шығармасы оқиға негізімен жазылғандығы таңқаларлық нәрсе емес пе? Алайда жазған дүниелері өзінің атынан жарияланбайды, ол өзінің еңбегін сататын. Мәселен, шығармада: «*Қылмыскердің екінші шығармасын жазбақ, оны ол «гажайып қылмысым» деп атау беріп*

ноутбуктағы папкаға сақтап қойды. Енді ол сюжетін, болатын жерін ойластырып қойғанды. Кезекті шығармасы оның кезекті қылымысы еді...». Осы бір шытырман оқиғалардың арасында автор нәзік сезімді-махаббатты әдемі суреттеп бергендігі оқырманды одан сайын қызықтыра түсері хақ. Талғат кейіпкердің жүріп жүрген қызы — Жаннаның оған деген ғашық сезімін, аналық мейірімін төгіп, оны аялап, бірге дәрігерге барып, сыйлап жүрген сезімдердің бәрі детективті повестердің жанрлық ерекшеліктерінің бірі керісінше — кейіпкердің психологиялық тереңдігін аша білген.

Шығармада екінші кезеңінде — «...Енді тіктеліп келе жатқан еңсесі мен көңіл-күйін еңсесі мен көңіл-күйін есік қаққан дыбысы бөліп жіберді. Аяғын апыл-тапыл басып ашқанда қарсы алдында екі бірдей полиция қызметкері тұрды. Әуелі өздерін екі бірдей полиция қызметкері тұрды. Әуелі өздерін таныстырып, әдеппен амандасып, кейін қатқыл раймен сөйлеуге көшті... [21; 9]. Шығармада заман шындығы да көрініс табады, мәселен, мына үзіндіге назар аударсақ: «...тап қазірдің өзінде әлемнің әр бұрышында сан мыңдаған қылмыс жасалып жатыр. Соның бәрі бірдей жасалып жатыр деп ойлайсың ба? Әрине, жоқ! Оның біразы жоғарыдағы күштердің араласуы арқылы ашылмай қалса, оның біразы қылмыскерлердің ептілігінен полиция қызметкерлері айла қалдырмайды...» деген сөздерінен өмірмен байланыстырып көрсек те болады. Мәселен қылмыс жасау статистикасын <https://taldau.stat.gov.kz/> сайты бойынша қарастырсақ, өңірлер бөлінісінде 2024 жылғы бірінші жарты жылдықтағы (қаңтар-маусым) қылмыстардың ең көбі Алматы қаласы (12604 жағдай) тіркелгендігін көре аламыз. Бұл — қылмыстың азаймай, керісінше күшейіп бара жатқандығының көрінісі. Әрбір қылмыстың артында шытырман детективті оқиға жатыр. Бір іс қаралса, екінші іс қаралмай тұратындығы белгілі. Сол қылмыстық істерді тергеушілердің аша алмай қалатын кездері де болады. Шығармада да сондай идея қозғалған.

Шығарманы талдаудың 3-кезеңіне келсек: «дұрыс емес күдіктімен кездесу» кезеңінде автор шығармада Талғаттың 6 түрлі қылмысты жасағандығын және сол қылмыстар 6 түрлі папкада сақталып тұрғандығын жазады. Бұл қылмыстық істерді үш жыл бойы аға тергеуші Халел Құрметұлы тергеу жүргізіп, қылмыскердің соңына түседі. Детективті повестердің жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес шығармада: құпиялық пен интрига басым. Детектив повестерінің негізінде қылмыс және оны ашу процесі жатыр. Шығарманың әрбір бөлігінде жасырын деректер оқырманға біртіндеп ұсынылып, финалға дейін интрига сақталады. Бұл жанр оқырманды әрдайым ойландырып, жаңа деректермен, айғақтармен қызықтырады. Мәселен, Талғаттың құпиялылығы, өлтірген әйелдерінің әшекейлерін жинап қоюы. Не себепті құрбаны тек әйел адамдар? сынды сұрақтардың болуы.

4-кезең: «ақпараттарды жинау» кезеңінде, тергеушінің жұмысын автор анық сипаттап жазады, мәселен 2014 жылы өлтірілген Назым Бекжанова атты құрбанының өлтірілгені айна-қатесіз детективті хикаятта жазылып тұрады. Екінші автордың кітабында 2015 жылы қаза болған Алмагүл Айтқұлованың оқиғасы анық жазылған. Алайда әккі қылмыскердің кім екендігін жазған автор олар емес, Талғат Нұрлыханов екендігін білген тергеуші ақпараттарды жинақтай бастайды. Детективті шығарманың жанрлық ерекшелігі ретінде, біз қазіргі заманмен байланыстырсақ, мәселен: детективті шығармалардағы қазіргі заман технологияларының көрінісі анық байқалады. Соңғы уақытта заманауи технологиялар мен инновациялардың детективтік шығармаларда қолданылуы маңызды орын алады. Қылмыстарды зерттеу барысында қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалануы, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы ақпарат жинау сияқты элементтер кіріктіріледі. Тергеушінің ақпараттардың «watsApp» қосымшасы арқылы аудиохабарламаларды тыңдауы, ноутбуктан папкаларды ақтаруы, смартфонмен хабарласуы сияқты мысалдарды айта аламыз.

Т. Кестхейннің «Анатомия детектива» еңбегі бойынша бөлінген кезеңі: тұзақ орнату детектив теориясын дәлелдеу кезеңі аталмыш шығармада айқын сипатталады. «Анатомия детектива» еңбегі бойынша басқа да детективті шығармалардың бұл кезеңі нақты көрсетілмейді немесе 5-кезеңіне қосылып жазылады. Ал талдаған шығармада, дәлелдер мен тұзақ орнату автордың шеберлігімен кезең-кезең бойынша жазылған. Шығармада Талғат негізгі кейіпкердің жасаған қылмыстарымен қатар, сүйіктісі Жаннаның інісіне пара үшін теріс шешім шығарған сот төрағасын аяусыз өлтіріп оқиғаны басқа жаққа бұруы, Талғаттың іс-әрекетінен бөлек басқа қылмыстық істің қосылып кетуі арқылы оқырманды шатастыру мақсатында емес, оқырманды одан сайын қызықтыру мақсатында жазылған детективті повестің бір элементі байқалады.

Т. Кестхейн «Анатомия детектива» еңбегінде детективті топтарға бөлуіне сәйкес: жұмбақ детектив және құпия тобына жатқызамыз. Кезең бойынша, тұзақ орнату детектив теориясын дәлелдеу кезеңінде: барлық қылмыстың құрбаны болған Талғаттың болғаны, о бастан өзінің әйелі Әлияны ол емес, басқа адамның өлтіргені, Жаннаның қылмыстық топтың мүшесі емес, қылмыскерлерді ұстау

үшін жалданған агент екендігі анықталуы — шытырман оқиғалы детективтің жанрлық ерекшелігі. Соңғы 7-8 кезеңдері: өлтірушіні ұстау және істі түсіндіру кезеңдерінде Талғаттың шизофрения ауруымен ауырып, психиатриялық емханада ем алуы, Жаннаның қылмыстары үшін түрмеге өз еркімен берілуі және ең бастысы күтпеген тосыннан аяқталуы-тергеуші Халел Құрметұлының барлық қылмысты өзі ұйымдастырып Талғатқа жаба салуы повестің жанрлық сипатына сай құпиялықпен, интригамен көрінген. Аталмыш шығармада жанрлық ерекшеліктің тағы бір белгісі — әлеуметтік және моральдық мәселелердің суреттелуі. Қылмыстық оқиғалардың аясында қоғамдағы әлеуметтік және моральдық мәселелер көтерілген. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті шығармаларда сыбайлас жемқорлық, әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік, қылмыстың қоғамға әсері сияқты мәселелер көбірек талқыланып жүргендіктен, бұл шығарманы соның бір мысалы ретінде қарастырамыз.

Келесі шығарма — қазіргі таңда редактор қызметін атқарып жүрген полковник шеніндегі жазушы Мұхтар Анарбекұлының болған оқиғаға негізделіп жазылған, 2021 жарық көрген «Шымкенттегі шырғалаң» детективті повесі.

Повестке арқау болған оқиға — 1992 жылдың 22 ақпанында Қызылорда облысы аумағында бір топ аса қауіпті қылмыскерлер «вагонзактан» (сотталғандарды таситын арнайы вагоннан) қашып шығып, «Қызылорда-Сарыағаш» бағытындағы автобусты жолаушыларымен қоса кепілдікке алғаны. Құқық қорғау органдарымен жүргізілген келіссөз барысында қашқындар өздеріне ұшақ берілуін және Шымкент әуежайынан шетелге ұшып кетуді талап етеді. Қазақстандық арнаулы қызмет тарихында «Набат-92» деген атпен қалған, дүниежүзінде теңдесі жоқ арнайы операция бас-аяғы бір тәулікке созылады. Қызмет бабымен осы оқиғаға куә болған полковник оны көркемдеп оқырманға ұсынған болатын. Шығарма жеңіл оқылады, тілі жеңіл болғандықтан оқырманды бірден баурап алады. Негізінен детективті шығарманы жазушы ғана емес, сол салада жүрген полиция қызметкерлері, полковник, майор сияқты сол саланың мамандары жазу арқылы детектив жанрына үлес қосып, детективті шығармалар жанрлық және стильдік жағынан үлкен өзгеріске ұшырауда.

«Шымкенттегі шырғалаң» повесін Э.С. Гарднердің топтауы бойынша реалистік детектив түріне жатқызамыз. Джордж Дов 1990 жылдары детективтік шығармаларды зерттеу барысында, сюжетін талдауда кезең-кезеңдерге бөліп талдаған. Аталмыш шығарманы аталған 7 кезеңге бөліп қарастыратын болсақ, 1) қылмыс туралы ескерту — «Вагонзак» тарауында Сұңғат атты жас солдатқа Дзектің (темір торда ұсталған адам) қиылып тұрып сұраған темекісінің кесірінен қауіп төнгенімен басталады. Солдатты соққыға жығып, дзектердің пойыздан қашып бара жатқаны еміс-еміс естіледі, алайда солдат оларды қуып жете алмайды. Дзектер қашып шығып жан-жаққа тарап кеткен, полковник абыр-сабыр, 5 — «Шиелідегі шиеленіс» атты тарауында «Икарус» «Қызылорда-Сарыағаш» бағытында жүріп келе жатқан автобуска қашқан 5 одан кейін 3 дзек отырды. «Икарустың» жүргізуші Сайлау біраз нәрседен күдіктенсе де, білдірмеуге тырысып баққан. «ГАИ» постынан өткенде автобусты тоқтатқан милиция қызметкерлеріне Сайлау бейтаныс адамдардың автобустың ішінде екендігін айтқанда, операцияны бастауға автостанцияға дейін барып, автобусты тоқтатып күту керектігін түсіндіреді. Автостанцияға тоқтағаннан кейін адамдар шығып жатты, алайда Дзектердің шығатын ойы жоқ. Сайлау (автобустың жүргізуші) оятпақ болып қасына келгенде милиция қызметкерлері қоршауға алды. Тарс-тұрс атылған оқтардан әбден қорыққан Сайлау жүрегі тоқтап қала жаздады, кепілдікке алынған адамдарды құтқару мақсатында келіссөз жасамақшы болған милиция қызметкерлеріне ешқандай келіссөзге келмей қойған Дзектердің бірінші шарты — коньяк әкеліп беруді талап етеді. Кепілдікке алынған соң адамның өмірі қыл үстінде тұрғанын ойлаған командир Абенов қалай да дзектер туралы мәлімет іздеу керектігін ойластырды. Жасап жатқан іс-әрекеттер, шығармада көркем суреттелген милицияның іс-әрекеттері Анарбектің жазған туындылары тек оқырманның ғана емес, сонымен қатар құзырлы органдардың өзіне қайта ұсынылған әдістемелік оқулық сияқты десек артық айтқандыққа жатпас. Өйткені автордың жазғандарын қызыға, «құныға» оқып қана қоймайсың, белгілі дәрежеде өзіңе тәжірибе де жинайсың.

Шығармада дзентердің полковник, милиция қызметкерлеріне өш екендігін мына жолдардан көре аламыз «.. как земляк еще? Не пугай меня ишаком, поганые менты... если попадетесь, я зарезу вас, я не хочу разговаривать с ментами... с ними у меня будет другой разговор в другом месте...» [22; 337]; 2) тергеудің басталуы кезеңінде: 5 дзентердің біреуін ұстап алып тергеу жасайды, алайда одан ешқандай нәтиже шықпайды. Ол білгенін айтып бергенімен, Влумский Владимирдің артқа шегінбейтінін ескертеді. 3-кезеңі: дұрыс емес күдіктімен кездесу: бұл тергеудің ешқандай нәтижесі болмағандықтан, ұсталған дзентер ештеңе ашып айта қоймайды. Тұтқындағы қарапайым адамға қауіп төніп тұрғанын, дзентердің келіссөзге келмейтінін командир аңғарады. Шығарманың тілі —

карапайым, ауызекі тілде жазылған. Орысша-қазақша жазылған мәтіндер қашқан дзентердің характерін толықтыруға қызмет етеді. 4) Ақпарат жинау кезеңі: іс шиеленісе бастады, «дзен» деген атақтарына қоса енді оларға «террорист» деген атақ берілді. Қашқан 6 террористтің мылтықтары бар екендігі анықталды. Қылмыстық кодекстің «қашу» бабына қосымша «террорист» деген бабы қосылатын болды. 5) тұзақ орнату детектив теориясын дәлелдеу кезеңінде, жұмыс шиеленісті пистолет атылып, автобустың жүргізушісі жүгіріп шығып қаша жөнелген, тероршылар сол жүргізушіні сұратқанымен, жүргізуші алты баласы барын, ондай жұмысқа басын сұқпайтынын айтқанда, Ринат атты милиция қызметкерін терроршыларға жүргізуші ретінде ұсынады. Алайда «Икарустың» тілін тек қана жүргізуші біледі екен, Ринаттың барлауынша, автобуста 10 жолаушы, 2 емшектегі бала, белсенді болып жүрген екі террорист. Біреуі — Женя рациямен сөйлесіп отырған ал қалғандары жай бақылап тұратындар. 6—кезеңі: өлтірушіні ұстау және істі түсіндіруде, шығармадағы терористерге қарсы «штурм» Шымкент қаласындағы әуежайда болмақ. Бұл штурмның барысы: «Альфа» командирі бастаған топ автобусты 4 жақтан басып алады. Оның алдында әуежайға жақындап қалғанда водовоз 10 метр арақаштықта «Икарусты» соғып өту керек, адамдар абыр-сабыр болып жатқанда «Альфа» тобы басып кіреді. Осындай жоспарды құрастырған Мұстафин тамаша нәтижеге жетеді. Болған операция бар жоғы 4 секундқа созылаған. Бұл оқиғаны басынан өткізген жолаушылар ғана қандай қиын екендігін білсе, оны шығарманы оқыған оқырман сезіне алады. Шетелдік арнаулы қызметтер кепілдігі бір де бір азамат жапа шекпеген дүниежүзінде теңдесі жоқ операцияның Қазақстанда өткендігін айрықша жазды. Яғни бір тәулік бойы дайындалған операция бар-жоғы төрт секундта аяқталады! Осылайша, әлемдік деңгейде жоғары бағаланған операция кейіпкерлері ұлттық әдебиетке келді.

Талдауға алынған келесі детективті повесть — «Алтын қалам-2020» байқауының жеңімпазы атанған Алпысбай Хонждың «Екеудің көлеңкесі» шығармасы. Аталған детективті шығарма бірнеше бөлімге бөлінген: «Жұмыртқаның жыры», «Ұрланған үйрек», «Қарыз дәптерді «қағып» кетті», «Балшықтағы із», «Мектептен кейінгі майдан», «Жолы болған жігіт», «Темір және оның досы», «Оралу», «Адасқан Айсара», «Жан дауыс».

Детективке тән жанрлық шарттың бірі — қылмыскердің соңына дейін кім екендігінің белгісіз болып келуі, алайда «Екеудің көлеңкесі» повесінде бірден екі қылмыскердің кімдер екендігі белгілі болады. Айлакер Ерік пен оның артынан ерген адал, байсалды Тимур. Негізінен, Тимурдың айлакерлігі жоқ, Ерік аңқау досын пайдаланып, заңсыз істерге араластырып оны да қылмыскер етеді. Осылайша, Алпысбай Хонждың повестерінің өрбуі, композициялық құрылым жанр ерекшелігіне жауап береді. Оқиға үнемі қылмысты ашу процесіне құрылады. Атап айтсақ, бұл процесс мынандай негізгі процестерден тұрады: жасалған қылмыстың салдары, соған қатысты фактілер жинастыру, жиналған фактілерді салыстыру және қылмыскердің кім екендігін табу. Әрекеттердің бұл 4 түрі — шығарманың бүкіл сюжеттік желісін құрайтын детективтің конандық үлгісі. Шығарманың әр тарауында қылмыстың түрді кезеңдері сипатталған. Мәселен, «Жұмыртқаның жыры» — жас Ерік пен Тимурдың енді ұрлықты бастамақ болған кездері. Көршіден ұрлаған жұмыртқаға мәз болған екеуі ғана емес анасы да оларға риза. Ержеткен ұлы ас тауып үйге әкелгеніне қуанып жатқанда: «... — *Келін шырақ, бүгін жұмыртқа ұрлаған бала ертең тауық, бірсігүні малға, оның ертеңінде жанға қол саларын білмейсің бе?*...» (Серт, 2021:370), – деген әженің топшылауы бекер болмады. «Ұрланған үйректе» ержетіп қалған Ерік пен Тимурдың қылмысы енді жұмыртқа емес, үйрекке қол салумен жалғасқан. Көршілерінің үйін барлап, үйде ешкім болмаған кезінде екеуі қылмысқа кіріскен. Үйрек ұстаған екеуі рақаттанып суға шомылып, кәуәп пісіріп, іздерін суытқан. «Қарыз дәптерді «қағып» кетті» бөлімінде Айсара дүкеншінің қызын айналсоқтаған екі достың қылмысы Тимурға алданған Айсараның кіршіксіз ақ сезімін пайдаланып дүкенді тонауымен жалғасқан. Ұрлықты жасыруда Еріктің айлакерлікпен бейнебақылаудың жұмысын істен шығаруымен, аса шеберлікпен дүкенді тонауымен олардың қылмыстары толығымен түскен. «Балшықтағы із» бөлімінде әккі қылмыскерлер енді кісі өліміне барып, адамға қол салады. Бұл — ақша тонау операциясы еді, Елжанның анасы зейнетақысын алып келе жатқан жолда екі дос бірден шап беріп, ақ қапты басына кигізіп орағанда, егде жастағы кейуана тілге келмей жан тапсырады. Адам өлімінен де Ерік пен Тимур тез сытылып шығады. Ізді байқап қалған Елжан бұлардан күдіктенеді, осы кезден бастап ол дәрігер боламын деген арманынан тайып, анасына жасаған жауыздықты әшкерелеу мақсатында алдына қойған арман-мақсаттарынан бас тартып, милиция қызметкері болуға бет бұрады. «Мектептен кейінгі майданда» Елжан милиция қызметкері болып, қылмыскерлерді әшкерлеу үшін жолға шығады. Ақтөбеге барып, бағын сынамақшы болған ол бірден оқуға қабылдана қоймайды, 2 баллы жетпей қалған талапкерді,

полковник шақырып өзінің визиткасын беріп, қолдайтыны туралы, келесі жолы міндетті түрде түсетіндігі туралы жылы лебізін білдіреді. Алайда Елжанның үмітін үзбейді, келесі жылы болатын емтиханына дайындалып жүргенде, полковник хабарласып, оқуға мүмкіндік туып оны қабылдайтынын айтады. Осылайша, алдына қойған мақсаты Елжанды қанаттандырады. «Жолы болған жігітте» Ерік пен Тимур училищеде оқып жүргенде үйреншікті қылмыстарын жалғастырып, ұрлық, адамдарды тонауды әдетке айналдырады. Олардың айлакерлігі іске аспай, Тимурді милиция қызметкерлері ұстап алғанда Ерік досын қомақты қаржымен құтқарып алады. «Темір және оның досы» бөлімінде екі дос кәнігі қылмыскерге айналады. Еріктің бастамасымен заңсыз есірткі тасымалдау, бейкүнә қыздарды саудалау, қару-жарақ сату, ұрлық-зорлық сияқты істер бірінен кейін бірі жалғаса береді. «Оралу» бөлімінде қолына дипломын алған Елжан милиция қызметкері атанып, туған өлкесіне оралады. Ол анасына берген сертінен таймағандығын, әлі де қылмыскерлерді ұстап жазалайтындығын айтып, ант ішеді. Анасының осындай дәрежеге жеткенін көре алмағанына өкінген Елжан қызметіне кіріседі. Жоғары білім алған жігіттің еліне оралуының негізгі үш себебі бар еді, соның бірі — Айсара. «Адасқан Айсара» бөлімінде Елжанның сүйгені Айсараға бала кездегі досы Еріктің қастандық жасауына кезігіміз. Айсараны жұмысқа орналастырамын деп уәде еткен Ерік, Алматы қаласындағы зәулім қонақ үйлердің біріне жұмыс істеуге шақырып алып, басқа шетелден келген азаматтарға сатып жібереді. Айсарамен бірге алданған 4-5 қыздың барлығы — үлкен қалаға ауылдан келген қазақтың қаракөздері. 1 ай бойы азап шеккен Айсара жол тауып, телефоннан Елжанға хабарлама жазып үлгереді. Айтылған мекенжайына Елжан бірден милицияны шақыртып, қылмыстық топ құрықталды. «Жан дауыс» деп аталатын соңғы бөлімде, шығармадағы негізгі кейіпкер Тимур мен Ерікті арасындағы араздық өліммен аяқталды. Өзінің бала кезінен араласып бірге жүрген, ең жақын досы Тимурды еш қиналмастан у беріп о дүниеге аттандыра салады. Алайда, Ерік жазасыз қалған жоқ, Ресейге ұшпақшы болған жерінен ұсталып өмір бойы бас бостандығынан айырылды. Елжанға 1 ай бойы ұстатпай жүрген «Темір және оның досы» атты топты ұстаған ерлігі үшін медаль берілді. Елжан осы қуанышымен анасымен бөліспекші болып, анасының зиратына барған кезде, өте өкінішті оқиғаға куә болады. Тимурдың анасының зар еңіреп, ана жүрегінің езілгенін жазушы шебер сипаттап берген. Анасы әжесі мен баласының басында өзінің қателігін айтып, о бастан әжесінің айтқан сөзіне құлақ салғанда, осындай қайғылы оқиға болмайтындығын айтып зар еңіреп отырғанына куә болады. «Баланы бастан» демекші, әжесінің жұмыртқа ұрлаған күні жаман нәрсені сезгені, анасының оны тәрбиелеудің орнына мақтап, «ертең асырайтын осы балам» деп риза болған күндеріне өкінген анада басқа амал қалмады. Ал Елжан өзінің кегін қайтарды, алайда оның осындай жолмен анасына берген серті орындалғанына көңілі жабырқау еді. Аталмыш детективті повесть тек детективті шығарма ретінде ғана емес, тәлім-тәрбие бере алатын, қазіргі әлеуметтік мәселелерді көтеріп, ата-ана тәрбиесінің маңыздылығын, баланы жастан тәрбиелеп, жастарды ұрлыққа-қорлыққа жол бермеу керектігін түсіндіретін жақсы мен жаманның ара жігін ашып беретін жасөспірімдер мен жастарға арналған шығарма. Жазушы ХХІ ғасырда белең алған бала тәрбиесін өзі өмір сүріп отырған қоғамның өзекті мәселесі ретінде көтерген. Көркемдік талапқа сай жазылған шығармаға замандастарымыздың басынан кешіп отырған қылмыстық оқиғалар легі арқау болған.

Аталмыш детективті шығармаларды талдауда Джордж Довтың кезеңге бөлген схемасымен қатар, Тибор Кестхейннің *«Анатомия детектива»* [23] кітабы детектив жанрын зерттейтіндерге, жазушыларға және детективті сүйіп оқитындарға арналған құнды еңбек болып табылады. Кітапта детективтің құрылымдық және психологиялық аспектілері қарастырылып, жанрдың күрделілігі мен танымалдығы айқындалған. Кестхейн оқырмандарға детективті шығармаларды жаңа қырынан қарауға және жанрдың байлығын түсінуге көмектеседі. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестер жанрлық тұрғыдан күрделі болғанмен, қызғылықты оқылуының басты себебі жанрлық ерекшелігінде. Қылмыс пен оның ашылуының айналасында өрбитін оқиға желісі оқырманды интригаға толы, терең психологиялық талдаулармен тартады және әлеуметтік мәселелерді қозғай отырып, ұлттық ерекшеліктерді көрсетеді. Әр қылмыстың жасалуы, оның әшкерә болуы, қылмыскерлердің құрықталып жазасын алуы «мың асқанға бір тосқанның» бар екенін есімізге салады.

Талдауға алынған келесі шығарма — «Серт» атты алғашқы детективтік шығармалар байқауының ІІІ орын иегері Екатерина Паевскаяның *«Адьюторы»* повесі. Ол — жас та болса, табиғи талантымен танылған жазушы. Негізгі мамандығы психолог болса да балаларға ертегі, өлең сонымен қатар көркем шығарма жазып жүрген қаламгер ретінде белгілі. Е. Паевская балалар жазушысы болғандықтан, *«Адьюторы»* — оқуға өте жеңіл, қарапайым тілде жазылған шығарма. Бұл шығарма да

«Екеудің көлеңкесі» повесі сияқты жастарға арналған. Мектеп оқушыларының да қызыға оқитын детективті шығармасы, өйткені негізгі кейіпкерлер мектеп оқушылары 6-сыныпта оқитын Юля деген қыздың сыныптастарымен шытырман оқиғаға тап болуымен басталатын шығармада түрлі оқиғалар бірінен соң бірі өрбіп жатады. Шығармада бала психологиясы, баланың тілі, жасөспірімдердің қызығушылығы нанымды сипатталған. Сонымен қатар шығарма тілі өте қарапайым, күнделікті ауызекі тілде сөйлесетін кейіпкерлер оқырманды өзіне баурап алатындықтан, бір деммен оқылады. Юля сыныптастарымен бірге жоғалып кеткен «Букварь Руси» деп аталатын XVII ғасырда жазылған құнды кітапты іздеу жолында түрлі қызықты оқиғаларға тап болады, қым-қиғаш оқиғалар легі оқырманын баурай түседі.

Аталмыш повестің негізгі ерекшелігі — жасөспірімдерге арналуы. Қазіргі таңда балаларға арналған детектив кітаптар бар. Балалар детективі — кішкентай оқырмандарға арналған шытырман оқиғалы кітаптардың бір түрі. Бұл жанрдағы кітаптар балалардың қызығушылығын оятып, логикалық ойлау, мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталады. Әдетте, оқиғалар жұмбақ, құпияларды ашу, жоғалған заттарды іздеу немесе қылмысты ашу айналасында өрбиді. Балалар детективінің ерекшеліктері: *біріншіден, қызықты және оңай түсінілетін сюжет:* балалар детективтерінің оқиғалары қарапайым әрі балаларға түсінікті болады. Бұл жанрдағы кітаптар жас ерекшелігіне қарай бейімделеді, сол себепті детективтер тым ауыр, күрделі оқиғаларды қозғамайды. Мәселен, Юляның сыныптастарымен кітапты іздеуге жолға шығуы, балалардың арасында бір-бірімен қалжыңдасып, ойнап-күлуі. *Екіншіден, оқиғаға балалардың өзі қатысады:* әдетте, басты кейіпкерлердің өзі бала болады, бұл оқырмандарды қызықтырып, өздерін кейіпкерлермен салыстыруға мүмкіндік береді. Олар көбіне ақылды, зейінді және тапқыр келеді. Мысалы, Мерей Зердеханов, Димка Гринько, Миша Сарвасов, Андрей Фортуннов, Пашка Бродиндер — бір сыныпта оқитын оқушылар. Басты кейіпкер Юляның тапқыр, ақылды болып, сыныптағы жігіттерге жол көрсетуі, іздестіруде өзінің ақылын қосуы сынды іс-әрекеттерін мысалға келтіруге болады. *Үшіншіден, танымдық сипаты:* балалар детективтері балаларды байқампаздыққа, ойлануға, достыққа, топпен жұмыс істеуге баулиды. Жазушылар қарапайым тілмен күрделі мәселелерді қалай шешуге болатынын көрсетеді. Аталмыш шығармаға ұқсас белгілі балалар детективіне арналған шығармаларды атауға болады. Энид Блайтонның «Құпиялар клубы» сериясы — бұл кітаптарда бірнеше бала жұмбақ жағдайларды шешіп, түрлі қылмыстарды ашуға тырысады. Эрич Кестнердің «Екі Лотта» және «Эмиль және детективтер» — Кестнердің кітаптарында балалар түрлі қызықты жағдайларға тап болып, оларды өздері шешуге тырысады. «Нэнси Дрю» сериясы — Америкалық жасөспірім қыз Нэнси Дрю өз қаласында орын алған құпия істерді ашады. Астрид Линдгреннің «Калле Блюмквист» туралы кітаптары — Калле есімді бала достарының көмегімен көптеген жұмбақтарды шешіп, нағыз жас детективке айналады. Балаларға арналған детективтер кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, өз бетімен ойлауға, қорытынды жасауға және шешім қабылдауға үйретеді.

Зерттеу нәтижесі

Зерттеулерге сүйенсек, детективті шығармаларға оқырманның қызығушылығы өте жоғары. Мәселен, Гэллап Институтының сауалнама нәтижелері бойынша, АҚШ-та 1986 жылы ерлердің 60 %-ы және әйелдердің 64 %-ы тұрақты түрде детектив кітаптарын оқыған, ал жоғары білімділер арасында бұл жанрды ұнататындар 74 % құрайды. Детективті шығарма дегенде бірден Агата Кристидің шығармаларын мысалға келтіре аламыз. Оны «детективтің ханшайымы» деп атауының себебі — кітаптары 103 тілге аударылып, жалпы таралымы 500 миллион данаға жақындаған.

КСРО-да мұндай сауалнамалар жүргізілмейтіні белгілі, бірақ біздің елімізде де детективті сүйіп оқитындар миллиондап саналатынына негіз бар. КСРО-да А. Адамов пен А. Вулистің кітаптарында детектив шынайы әдебиет түрі ретінде қарастырылады. Он жылдан астам уақыт бұрын болгар жазушысы Б. Райновтың батыстық детективке арналған «Қара роман» атты кітабы орыс тіліне аударылды. Бізде детективті сыни тұрғыда талдау дәстүрі де, мектебі де қалыптаспады. Ал детективті 3-4 бетке сыйғызып рецензиялау мүмкін емес. Рецензиялау әдетте өте қарапайым: мазмұнды қысқаша баяндау, қақтығыстың өміршеңдігін, кейіпкерлердің сенімділігін және бейнелеудің көркемдігін бағалау. Алайда, мұндай тәсіл детектив үшін жарамайды — мұнда әдіс мүлде басқаша болуы керек, мазмұнды қысқаша баяндау кітапты оқылмай қалуға итермелейді. Біздің редакциялар мен баспалар детективтерге белгілі бір деңгейде немқұрайлық танытады, ал әдебиеттанушылардың көпшілігі бұл жанрды зерттеуді елеусіз іс деп санайды. Батыс елдерінде жанрдың жаңалықтары беделді әдеби

басылымдарда тұрақты түрде рецензияланып, сыни және тіпті академиялық әдебиеттану еңбектері де жарық көреді.

Тақырыпты зерттеу барысында А. Аймағамбет «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» (2021), Екатерина Паевская «Адьюторы» (2021) тәрізді повестері талданды. Детективті шығармаларда авторлар жас жазушы, милиция қызметкері, психолог болғанына қарамай, жанр табиғатына сай туындыларын ұсынған. Джордж Довтың 1990 жылдары детективтік повестерді бөлінген 7 кезең бойынша қарастыруы, сонымен қатар Тибор Кестхейннің «Анатомия детектива» кітабын негізге ала отырып, талдау жұмыстар жүргізілді. Шығармаларды талдауда жанрдың ерекшелігіне баса назар аударылды.

Зерттеу нәтижесінде детектив жанрының басқа жанрлардан негізгі ерекшеліктері айқындалды. Олар: біріншіден, сюжеттің жұмбақ (құпия) оқиғаға құрылуы; екіншіден, нақты қылмыстың жасалуы және оны ашу жолында із кесушінің әрқилы әрекеттері мен (логикалық ойын) ойларының болуы; үшіншіден, қылмыстың себеп-салдарын қоғамнан емес, жеке адам бойынан іздеу; төртіншіден, қылмыскерлер мен із кесушілердің образдарының сомдалуы; бесіншіден, қылмыстық оқиға өтетін кеңістік пен уақыттың нақтылығы; алтыншыдан, сюжет шешімінің нақтылығы, айқындығы яки қылмыстық оқиғаның жауабын табу. Осы аталған 6 белгісі болғанда ғана оны детективті жанрға жатқызуға болады деп ойлаймыз. Өйткені француз ғалымдары (приключеский литература) қызық оқиғалы әдебиет дегенді сюжеттік желісіне қарап-ақ ажыратуға болатынын, ал кез келген шымшытырық астарында қылмыс болған күннің өзінде ол сол шығарманы детектив жанрында жазылғанына дәлел бола алмайтыны туралы бір тоқтамға келген [24; 128]. Детективтерде сюжет құрайтын негізгі үш элемент бар: қылмыс, істі тергеу және қылмыстың әшкереленуі [25; 15]. Талдау нысанына алынған шығармалардың осындай қасиеттеріне баса назар аударылды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестердің жанрлық ерекшелігін анықтау мақсатында төрт детективті повесть зерттеу нысанына алынды. А. Аймағамбет «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» (2023), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» (2021), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» (2021), Екатерина Паевская «Адьюторы» (2021) повестерінің жанрлық ерекшеліктеріндегі элементтерімен қатар, типологиясын зерттеуде бағыс зерттеушілері детектив жанрын өзіндік сипатына байланысты топтастырғандығын жоғарда атап өттік. Мәселен, Т. Кестхейн «Анатомия детектива» еңбегінде детективті 7 топқа бөлген. Мәселен, «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» — жұмбақ детектив және құпия (Конан Дойл), М. Анарбекұлы «Шымкенттегі шырғалаң» — реалистік детектив (Э.С. Гарднер), А. Хонж «Екеудің көлеңкесі» полиция туралы хикая (Эдгар Уоллес); Екатерина Паевская «Адьюторы» — әлеуметтік детектив (Д. Сейерс) бойынша жіктелді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі детективті повестер жанрдың дамуына тың серпін беріп, қазақ оқырманының талғамына сай жаңа бағыт ұсынуда. Жанрлық ерекшеліктері арқылы бұл шығармалар тек оқиғаны баяндап қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге, адам психологиясына, тұлғалық өзгерістерге үңіледі. Қазақ детективінде ұлттық болмыс пен рухани құндылықтар алдыңғы планға шығып, шығарманың халықтығы мен оқиғалардың шынайылығы байқалады. Қазіргі қазақ детективті композициялық құрылымымен, кейіпкерлердің психологиялық бейнелерімен және күтпеген шешімдерімен ерекшеленеді. Бұл жанрдың қазақ әдебиетінде тұрақтап қалуы, оның дамуы мен кеңеюіне жаңа мүмкіндіктер ашып, қазақ детективінің өз мектебін қалыптастыруға жол ашатыны анық. Мақала қазіргі қазақ әдебиетінде детектив жанрының қалай дамып жатқанын, оның жанрлық құрылымын, қазақ қоғамындағы маңыздылығын жан-жақты талдауға бағытталған.

Алғыс

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025–2027 жылдарға арналған АР26101121 «Қазақ детективі: тарихы, формалары, функциялары» іргелі ғылыми-зерттеу жобасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Әдебиеттер

1 Zhunussova A. Tracing the History of the Detective Genre in Literature : A Qualitative Study Based on Interviews with Literary Critics / A. Zhunussova, Sh. Kenesbayeva, G. Tulekova, N. Nurpeissov, R. Turysbek // International Journal of Society, Culture & Language. — 2023. — Vol. 11, No 3. — P. 13–22. DOI: 10.22034/ijsc.2023.1999960.2998.

- 2 Нижнева Д.А. История жанра «Запертые комнаты» и другие невозможные преступления / Д.А. Нижнева / Детективы на грани возможного [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.impossiblecrimes.ru/index.php?Introduction>.
- 3 Waltraud W. The literature of crime and detection: An illustrated history from antiquity to the present / W. Waltraud, B. Cassiday. — Leipzig: Edition Leipzig, 1988. — 214 p.
- 4 Shamamedova Z. Development of the detective genre in American literature / Z. Shamamedova // International Journal of Literature and Languages. — 2023. — Vol. 3, № 3. — P. 24–33. DOI: 10.37547/ijll/.
- 5 Srinivasan Sh. Mapping the Evolution of Crime Fiction as a Genre: Eighteenth Century to the Contemporary Times / Sh. Srinivasan, S. Shekhawat, S. Bhattacharya // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. — 2020. — Vol. 12, No 6. — P. 1–12. DOI: 10.21659/rupkatha.
- 6 Primasita F.A. An Introduction to the Police Procedural: A Subgenre of Detective Genre / F.A. Primasita, H.S. Ahimsa-Putra // Jurnal Humaniora. — 2019. — Vol. 31, № 1. — P. 33. DOI: 10.22146/jh.v31i1.15309.
- 7 Сайфуллаева Н.Б. Детективті жанры және оны қазақ әдебиетіне аударылу тәжірибесі (Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесі бойынша) / Н.Б. Сайфуллаева, Қ.Р. Кеменгер, Д. Кынаджы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. — 2023. — № 2. — Б. 309–322. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.23>
- 8 Казахская литература: энциклопедический справочник. — Алматы: Аруна Ltd, 2010. — 573 с.
- 9 Milutinović D. Grammar of the detective genre / D. Milutinović // Facta Universitatis. Series: Linguistics and Literature. — 2020. — Vol. 18, № 1. — P. 37–51. DOI: 10.22190/FULL2001037M.
- 10 Melikhov A.G. Maracaibo-venezuela Historia del género detective: Serie de A.C. Doyle sobre Sherlock Holmes / A.G. Melikhov, O.O. Nesmelova, M.K. Bronich // Utopía y praxis latinoamericana. — 2020. — Vol. 25, № 7. — P. 355–361. DOI: 10.5281/zenodo.4009747.
- 11 Todorov T. The Typology of Detective Fiction / T. Todorov // In The Narrative Reader. — London: Taylor & Francis e-Library, 2002. — P. 120–127.
- 12 Čapek K. Detective literature is the modern personification and heroization of this autonomous and practical translation / K. Čapek. — 1967. — 179 p.
- 13 Литературный энциклопедический словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1987. — 748 с.
- 14 Kesthein T. Anatomy of the Detective. — Budapest: Korvima, 1989. — 268 p.
- 15 Bawarshi A. Genre: An Introduction to History, Theory, Research, and Pedagogy / A. Bawarshi, M.J. Reiff // Discourse & Society. — 2013. — Vol. 24, № 6. — P. 833–835. DOI: 10.1177/0957926513490318c.
- 16 Weisser C. Ecomposition: Theoretical and Pedagogical Approaches / C. Weisser. — Albany: State University of New York Press, 2001. — 318 p.
- 17 Devitt A. Generalizing about Genre: New Conceptions of an Old Concept / A. Devitt // College Composition and Communication. — 1993. — Vol. 44, № 4. — P. 573–586.
- 18 Қалижанов У.Қ. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар / У.Қ. Қалижанов, С.С. Қирабаев, Ш.П. Елеуқенов, Г.Ж. Орда А.Қ. Қалиева. — Алматы: Print Express, 2017. — 510 б.
- 19 Елеуқенов Ш. Повестер, хикаяттар / Ш. Елеуқенов // Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. — Алматы: Қазақпарат, 2006. — Т. 10. — 582 б.
- 20 Ақыш Н. Қазіргі повестер / Н. Ақыш // XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011). — Алматы: Арда, 2011. — 163-б.
- 21 Аймағамбет А. Бұрылысқа жарты қадам қалғанда / А. Аймағамбет. — Алматы: Мазмұндама баспасы, 2023. — 188 б.
- 22 Серт: Сборник казахстанских детективов [в двух томах]. — Алматы: МД Жібек Жолы, 2021. — Т. 1. — 416 с.
- 23 Keszthelyi T. A Detektivtortenet Anatomiaja / T. Keszthelyi [Electronic resource]. — Retrieved from: <https://www.scribd.com/document/323952631/Keszthelyi-Tibor-A-Detektivtortenet-Anatomiaja>.
- 24 Тымчевский К.Ю. О некоторых жанровых особенностях французского детективного романа / К.Ю. Тымчевский, И.В. Рогоцкая // Язык и общество. — Ярославль, 2002. — С. 127–129.
- 25 Zhunussova A. Tracing the history of the detective genre in literature : A qualitative study based on interviews with literary critics / A. Zhunussova, Sh. Kenesbayeva, G. Tulekova, N. Nurpeissov, R. Turysbek // International Journal of Sociolinguistics and Culture. — 2023. — P. 14–22. DOI: 10.22034/ijsc.2023.1999960.2998.

Ә.Ж. Мансурова, Б.Д. Керімбекова, Г.Ж. Орда

Жанровые особенности детективных повестей в современной казахской литературе

В данной статье рассматриваются проблемы жанровых особенностей детективных повестей в современной казахской литературе. Авторы анализируют, как детективный жанр проник в казахскую литературу, основные этапы его развития и становления. Изучаются социальные и психологические аспекты казахских детективных произведений, структура сюжета, а также особенности характера героев. В

статье обосновывается необходимость использования детективного жанра современными казахскими писателями с сохранением национальных традиций и особенностей. Также поднимаются новые темы и проблемы. На основе проведённого исследования делается предположение, что современные казахские детективы, раскрывая сложные социальные явления — такие как преступления, расследования, справедливость и манипуляции, — также будут предлагать глубокие философские размышления. Кроме того, в статье рассматриваются трудности и возможности, с которыми сталкивается жанр в процессе своего развития и расширения. В рамках исследования анализируются детективные повести, такие как «Бұрылысқа жарты қадам қалғанда» («Полшага до поворота») А. Аймагамбетова (2023), «Шымкенттегі шырғалаң» («Путаница в Шымкенте») М. Анарбекулы (2021), «Екеудің көлеңкесі» («Тень двоих») А. Хонджа (2021), а также «Адьюторы» Е. Паевской — произведения, ставшие лауреатами республиканского конкурса детективных произведений. В исследовании применялись методы сравнения, систематизации, жанрово-типологического, историко-сравнительного и аналитического анализа. Произведения были сопоставлены и проанализированы с жанрово-типологической точки зрения, особое внимание уделено детективным повестям с мистическими мотивами и увлекательными событиями. Применяя схему Джорджа Дова по этапам развития детектива, были сделаны следующие выводы: детективные повести в современной казахской литературе приобретают новые направления и жанровые отличия. Проведённый анализ показал, как детективный жанр проник в казахскую литературу, какие особенности он имеет и как развивается в настоящее время. Включение мистических элементов и захватывающих сюжетных поворотов придаёт детективному жанру новое звучание и делает его более привлекательным для читателя. В произведениях казахских писателей гармонично сочетаются классические черты жанра и национальные традиции. Данное исследование способствует дальнейшему развитию детективного жанра в казахской литературе, а также углублению его понимания и изучения.

Ключевые слова: детективный жанр, казахская литература, повесть, сюжет, герой, приключенческие сюжеты, историко-сравнительный анализ, жанрово-типологический анализ.

E.Zh. Mansurova, B.D. Kerimbekova, G.Zh. Orda

Genre features of detective novels in contemporary Kazakh literature

This article addresses the issues of genre characteristics of detective novellas in modern Kazakh literature. This article examines the issues related to the genre-specific features of detective novellas in contemporary Kazakh literature. The authors analyze how the detective genre entered Kazakh literature, as well as the main stages of its development and formation. The study explores the social and psychological aspects of Kazakh detective works, the plot structure, and the distinctive characteristics of the protagonists. The article substantiates the necessity for contemporary Kazakh writers to use the detective genre while preserving national traditions and distinctive features. New themes and issues are also addressed. Based on the conducted research, it is suggested that modern Kazakh detective fiction, while exploring complex social phenomena — such as crime, investigation, justice, and manipulation — will also offer profound philosophical reflections. In addition, the article explores the challenges and opportunities faced by the genre in the course of its development and expansion. As part of the study, detective novellas such as «*Burylysqa jarty qadam qalğanda*» (“*Half a Step to the Turn*”) by A. Aimagambetov (2023), «*Shymkenttegi shyrğalan*» (“*Confusion in Shymkent*”) by M. Anarbekuly (2021), «*Ekeudiñ köleñkesi*» (“*The Shadow of Two*”) by A. Khondzha (2021), as well as «*Adiutory*» (“*Adjutors*”) by Ye. Paevskaya — works that became laureates of the national detective fiction competition — are analyzed. The study employed methods of comparison, systematization, genre-typological, historical-comparative, and analytical analysis. The works were compared and examined from a genre-typological perspective, with particular attention given to detective novellas featuring mystical elements and captivating events. Applying George Dove’s framework on the stages of detective genre development, the following conclusions were drawn: detective novellas in contemporary Kazakh literature are acquiring new directions and genre-specific distinctions. The analysis revealed how the detective genre entered Kazakh literature, what features it possesses, and how it is currently evolving. The inclusion of mystical elements and gripping plot twists gives the detective genre a new dimension and makes it more appealing to readers. In the works of Kazakh writers, classical features of the genre are harmoniously combined with national traditions. This study contributes to the further development of the detective genre in Kazakh literature, as well as to a deeper understanding and exploration of it.

Keywords: detective genre, Kazakh literature, novella, plot, hero, adventurous plots, historical-comparative analysis, genre-typological analysis.

References

- 1 Zhunussova, A., Kenesbayeva, S., Tulekova, G., Nurpeissov, N., & Turysbek, R. (2023). Tracing the history of the detective genre in literature: A qualitative study based on interviews with literary critics. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(3), 13–22. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.1999960.2998>
- 2 Nizhneva, D.A. (2021). Istoriia zhanra «Zapertye komnaty» i drugie nevozmozhnye prestupleniia / Detektivy na grani vozmozhnogo [History of the “locked rooms” genre and other impossible crimes / Detectives on the edge of possibility]. Retrieved from <http://www.impossiblecrimes.ru/index.php?Introduction> [in Russian].
- 3 Waltraud, W. & Cassidy, B. (1988). *The literature of crime and detection: An illustrated history from antiquity to the present*. Leipzig: Edition Leipzig.
- 4 Shamamedova, Z. (2023). Development of the detective genre in American literature. *International Journal of Literature and Languages*, 3(3), 24–33. <https://doi.org/10.37547/ijll/>
- 5 Srinivasan, S., Shekhawat, S., & Bhattacharya, S. (2020). Mapping the evolution of crime fiction as a genre: Eighteenth century to the contemporary times. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*, 12(6), 1–12. <https://doi.org/10.21659/rupkatha>
- 6 Primasita, F.A. & Ahimsa-Putra, H.S. (2019). An introduction to the police procedural: A subgenre of detective genre. *Jurnal Humaniora*, 31(1), 33–41. <https://doi.org/10.22146/jh.v31i1.15309>
- 7 Sayfullaeva, N.B., Kemenger, Q.R., & Kynajy, D. (2023). Detective genres and their translation into Kazakh literature (based on Arthur Conan Doyle's «The Association of Red-Headed Men»). *Eurasian National University Journal*, 2, 309–322. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.23>
- 8 (2010). *Kazakhskaiia literature: entsiklopedicheskii spravochnik [Kazakh literature: encyclopedic dictionary]*. Almaty: Arouna Ltd [in Russian].
- 9 Milutinović, D. (2020). Grammar of the detective genre. *Facta Universitatis, Series: Linguistics and Literature*, 18(1), 37–51. <https://doi.org/10.22190/FULL2001037M>
- 10 Melikhov, A.G., Nesselova, O.O., & Bronich, M.K. (2020). Historia del género detective: Serie de A.C. Doyle sobre Sherlock Holmes [Maracaibo, Venezuela – History of the detective genre: A.C. Doyle's series about Sherlock Holmes]. *Utopia y Praxis Latinoamericana — Utopia and Latin American Praxis*, 25(7), 355–361 [in Spanish]. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4009747>
- 11 Todorov, T. (2002). The Typology of Detective Fiction. In M. Toolan (Ed.), *The Narrative Reader* (pp. 120–127). Taylor & Francis e-Library.
- 12 Čapek, K. (1967). *Detective literature is the modern personification and heroization of this autonomous and practical translation*. Prague: [Publisher not specified].
- 13 (1987). *Literaturnyi entsiklopedicheskii slovar [Soviet Encyclopedia]*. Moscow: Soviet Encyclopedia [in Russian].
- 14 Kesthein, T. (1989). *Anatomy of the detective*. Budapest: Korvima.
- 15 Bawarshi, A. & Reiff, M. J. (2013). Genre: An Introduction to History, Theory, Research, and Pedagogy. *Discourse & Society*, 24(6), 833–835. <https://doi.org/10.1177/0957926513490318c>
- 16 Weisser, C. (2001). *Ecocomposition: Theoretical and pedagogical approaches*. Albany: State University of New York Press, 318.
- 17 Devitt, A. (1993). Generalizing about genre: New conceptions of an old concept. *College Composition and Communication*, 44(4), 573–586.
- 18 Kalizhanov, U.K., Kirabayev, S.S., Eleykenov, Sh.R., Orda, G.Zh., & Kalieva, A.K. (2017). Qazirgi qazaq adabietini: damu urdisteri, esimder men oqigalar [Modern Kazakh literature: Trends, names, and events]. Almaty: Print Express [in Kazakh].
- 19 Elykhenov, Sh. (2006). Povester, khikaiattar [Short stories, novellas]. *Qazaq adabietinin tarykhy — In History of Kazakh Literature* (Vols. 1-10, Vol. 10, p. 582). Almaty: QAZAqparat [in Kazakh].
- 20 Akish, N. (2011). Qazirgi pobester [Modern short stories]. *XXI gasyrdagy qazaq adabietini — In 21st Century Literature (2001–2011)* (p. 163). Almaty: Arda [in Kazakh].
- 21 Aymagambet, A. (2023). Burylysqa zharty qadam qalganda [With half a step left before the turn]. Almaty: «Mazmundama» baspasy [in Kazakh].
- 22 (2021). Sert: Sbornik kazakhstanskikh detektivov [Sert: Collection of Kazakhstan Detectives]. (Vols. 1-2). Vol. 1. Almaty: MD «Zhimek Zholy» [in Russian].
- 23 Keszthelyi, T. (n.d.). *A Detektívtörténet anatómiája*. Retrieved from <https://www.scribd.com/document/323952631/Keszthelyi-Tibor-A-Detektivtortenet-Anatomiaja>
- 24 Tymchevsky, K.Yu., & Rogotskaya, I.V. (2002). O nekotorykh zhanrovyykh osobennostiakh frantsuzskogo detektivnogo romana [Some genre features of French detective novels]. *Yazyk i obshchestvo — Language and Society*, 127–129. Yaroslavl [in Russian].
- 25 Zhunussova, A., Kenesbayeva, S., Tulekova, G., Nurpeissov, N., & Turysbek, R. (2023). Tracing the history of the detective genre in literature: A qualitative study based on interviews with literary critics. *International Journal of Sociolinguistics and Culture*, 14–22. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.1999960.2998>

Information about the authors

Mansurova Elnara Zholdashkyzy — Junior Researcher, PhD Candidate, at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, PhD Candidate at the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: elochka_02.05.95@mail.ru

Kerimbekova Bayan Dauletkanovna — Associate Professor, Candidate of Philological Sciences, SDU University, Kaskelen, Kazakhstan; e-mail layan.kerimbekova@sdu.edu.kz

Orda Guljaghan Zhumaberdieva — Senior Researcher, Doctor of Philology, Associate Professor, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Orda_68@mail.ru

Buketov University